

**Алматы облысының аумағындағы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы**

Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы 11 ақпандағы № 39 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Масс-медиа туралы" Заңының 8-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м. а. 2024 жылғы 6 қарашадағы "Өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы" № 525-НҚ (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35356 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Алматы облысының аумағындағы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекітілсін.

2. "Алматы облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Эталондық бақылау банкінде жариялау үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*М. Сұлтанғазиев*

Алматы облысы әкімдігінің 2025

жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_

қаулысына қосымша

**Алматы облысының аумағындағы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі**

1. Алматы облысының аумағындағы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) "Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және Алматы облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау алгоритмін белгілейді.

2. Алматы облысының аумағындағы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құны (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет) бұқаралық ақпарат құралдарының көрсетілетін қызметінің әрбір жеке түрі үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағасына қарай айқындалады.

3. Мерзімді баспасөз басылымдарында көрсетілетін қызметтің құны мынадай формула бойынша айқындалады:

1) газеттер үшін  $P_n = V_n \times V \times K_q$  формуласы бойынша, онда:

$P_n$  (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, газеттерде көрсетілетін қызметтің құны;

$V_n$  – газетте орналастырылатын, бір см<sup>2</sup> көрсетілетін қызметтің базалық бағасы;

$V$  – газетте орналастырылатын, см<sup>2</sup>-мен есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі;

$K_q$  – газет таралымына түзету коэффициенті:

200 000 данаға дейін – 1,3;

100 000 данаға дейін – 1,15;

50 000 данаға дейін – 1;

30 000 данаға дейін – 0,9;

20 000 данаға дейін – 0,8;

10 000 данаға дейін – 0,65;

5 000 данаға дейін – 0,5;

2) журналдар үшін  $P_m = V_m \times V \times K_q$  формуласы бойынша, онда:

$P_m$  (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, журналдарда көрсетілетін қызметтің құны;

$V_m$  – журналда орналастырылатын, бір см<sup>2</sup> көрсетілетін қызмет үшін базалық баға;

$V$  – журналда орналастырылатын, см<sup>2</sup>-мен есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі;

$K_q$  – журнал таралымына түзету коэффициенті:

15 000 данаға дейін – 1,2;

10 000 данаға дейін – 1,1;

8 000 данаға дейін – 1;

5 000 данаға дейін – 0,9;

3 000 данаға дейін – 0,8;

1 000 данаға дейін – 0,7.

4. Интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны  $P_i = B_i \times V \times K_q$  формуласы бойынша айқындалады, онда:

$P_i$  (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны;

$B_i$  – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің бір таңбасының, секундының, минутының, данасының базалық бағасы;

$V$  – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің символдармен, секундтармен, минуттармен, даналармен есептелетін көлемі;

$K_q$  – бірегей пайдаланушылардың интернет-ресурсқа кіруінің орташа айлық санын есепке алуға арналған түзету коэффициенті:

айына 500 000 кірушіге дейін – 1;

айына 1 000 000 кірушіге дейін – 1,1;

айына 2 000 000 кірушіге дейін – 1,2;

айына 5 000 000 кірушіге дейін – 1,3;

айына 5 000 000 кірушіден астам – 1,4.

5. Телевидениеде көрсетілетін қызметтің құны  $P_{tv} = B_{tv} \times V$  формуласы бойынша айқындалады, онда:

$P_{tv}$  (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, телевидениеде көрсетілетін қызметтің құны;

$B_{tv}$  – телевидениеде орналастырылатын көрсетілетін қызметтердің бір секундінің, минутының, сериясының базалық бағасы;

$V$  – телевидениеде орналастырылатын, секундтармен, минуттармен, сериялармен есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі

Егер Алматы облысының аумағындағы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру кезінде телевидениеде көрсетілетін қызметтерді жанрлар бойынша бөлу ескерілмеген жағдайда, телевидениеде көрсетілетін қызметтердің құны базалық баға ( $B_{tv}$ ) бойынша есептеледі.

6. Радиоарнада көрсетілетін қызметтің құны  $P_r = B_r \times V$  формуласы бойынша айқындалады, онда:

$P_r$  (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, радиоарнада көрсетілетін қызметтің құны;

$B_r$  – радиоарнада көрсетілетін қызметтердің бір секундының, минутының базалық бағасы;

$V$  – радиоарнада орналастырылатын, көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен есептелетін көлемі.

ақпараттық саясатты жүргізу үшін  
сатып алынатын көрсетілетін  
қызметтердің құнын айқындау  
әдістемесіне қосымша

**Алматы облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағалары**

| № | Көрсетілетін қызметтің атауы   | Өлшем бірлігі | Бағасы (теңге) |
|---|--|---------------|----------------|
| 1 | Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)  | см2           | 412            |
| 2 | Алматы облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)           | см2           | 97             |
| 3 | Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (журнал) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bm) | см2           | 197            |
| 4 | Республикалық маңызы бар мәселелерді жария ететін интернет-ресурста көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bi)                    | таңба         | 142            |
| 5 | Өңірлік маңызы бар мәселелерді жария ететін интернет-ресурста көрсетілетін қызмет (  |               | 38             |

|   | ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bi)  | таңба  |         |
|---|---|--------|---------|
| 6 | Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын теле-, радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Btv)   | минут  | 375 000 |
| 7 | Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Алматы облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Btv) | минут  | 10685   |
| 8 | Алматы облысының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (ақпараттық бағдарламаларды дайындау және орналастыру) (Br)  | минут  | 20 000  |
| 9 | Алматы облысының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (аудиороликті дайындау және орналастыру) (Br)  | секунд | 580     |